ҚЫЗЫЛОБА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ		АКИМ КЫЗЫЛОБИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

15 шілде 2025 ж № 27

Қызылоба ауылы село Кызылоба

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 4,5,6 тармақтарына сәйкес және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 506, 507, 508, 509 тармақтарына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Заңның 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасында көзделген негіздер бойынша «ФЕБ-С» ЖШС әлеуетті өнім берушісімен Қызылоба ауылындағы ауыл ішілік техникалық суды қамтамасыз етуге арналған су айдау моторын жөндеу жұмыстарына ҚҚС-сыз сомасы 298 мың (екі жүз тоқсан сегіз мың) теңгеге тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.
2. Мемлекеттік сатып алу веб-порталына шартты жасасу бойынша қажетті іс-әрекеттерді орындау бас маман-есепшісі міндетін уақытша атқарушы бас маман М.Хайруллинге жүктелсін.
3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы өкім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Ауылдық округ әкімі **Т.Сериков**

000738